

Атадан мал қалғанша,
тап қалсын!



3-БЕТ

Әлеуметтік дүкендердің
көбеюі көпшілікке көмек



5-БЕТ



Шынар САРИЕВА,
Ақмола облысы
денсаулық сақтау
басқармасы жанындағы
Бастапқы медициналық-
санитариялық көмек
көрсету орталығының
врач-гинекологы:

«Облыста
ана мен бала
денсаулығына
жіті көңіл
бөлінген»

6-БЕТ



• БАҒДАР

ОДАҚ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРДІ

Бүгінде тәуелсіз, әділ сот құру – сот жүйесін дамытудағы негізгі мақсаттың бірі. Қазақстанның экономикалық кеңістігінде, конституциялық құрылымында, азаматтардың құқықтарын қорғау жолында сот билігінің пәрменді болуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда Судьялар одағының бастамасымен сот жүйесінде іске асырылып жатқан іргелі жобалар мен жаңашылдықтар, заңнамаларға енгізілген өзгерістер баршылық.

Республика судьяларының басын біріктіріп, бір мақсатқа ұйытатын бірден-бір құрылым – Судьялар одағы. Қызметтегі қазылар мен доғарысқа шыққан ардагер судьяларға ортақ бұл ұйымның жақсы істерге бастамашы болып келе жатыр. Отыз жылдай аралықта одақ пәрмені мықты, сөзін тыңдата алатын, сот саласындағы түйткілді мәселелерді оңтайлы шешуге қабілетті бірегей орталыққа айналды. Ұйым ішіндегі тәлімгерлік мектебінің де орны айрықша. Жылдар бойы жұмысын үзбей жалғастырып келе жатқан тәлімгерлік мектеп аға буын мен кейінгі буын арасындағы байланыс үзілмей, жастардың тәжірибесін шыңдап, кәсіби шеберлігін арттырудың алтын дінгегіне айналған.

Анығын айтсақ, Судьялар одағы қазылардың тәуелсіздігі мен мәртебесін нығайтуды, соттардың материалдық техникалық базасын жақсартуды, сыбайлас жемқорлықты және Судьялардың әдеп кодексінің ережелерін бұзу фаутилерін жоюды, халықтың арасында судьялардың имиджін арттыруды мақсат етеді. Ал мұндай жұмыстар оңай шешілмейтіні анық. Осы орайда, Судьялар одағының атсалысуымен қолға алынатын шаралар өте көп. Атап айтсақ, судьялардың тәжірибе алмасуы үшін арнайы диалог алаңын ұйымдастыру, біліктілігін арттыру бойынша ғылыми-практикалық конференцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді, іс-шараларды қолға алу жұмыстарын жүзеге асырады.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 4-бетте)

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№33 (3662)
3 мамыр 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӘСЕКЕДЕ МИНЕРАЛДЫ ШИКІЗАТТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР




Жеріміз пайдалы қазбаларға толы деп мақтанамыз. Алайда, осы байлық толыққанды ел игілігіне айналмай отыр. Оның бір себебі пайдалы қазбаларды жер қойнынан алып шығудың қиындығында. Осының салдарынан құрамында минералды шикізат бар тау жыныстарының белгілі бір бөлігі басқа елдерден әкелінеді. Ал, мұның пайдасы мен зияны бірдей болып отыр. Өйткені, бұл тау жыныстарынан концентрат алынып, өңдеуден өтеді де, оның қалдықтары табиғатқа жосықсыз қайтарылады. Ауа мен топырақты ластайтын бұл үйінділер экологияға орасан зиян келтіреді.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 4-бетте)

• КАБЫЛДАУ



АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ – АШЫҚТЫҚ КЕПІЛІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек МЕРҒАЛИЕВТІ қабылдады.

Мемлекет басшысына елімізде әділ сот төрелігін қамтамасыз ету мәселелері туралы баяндалды. Сондай-ақ, сот жүйесін реформалауға қатысты бұған дейін берілген тапсырмаларының орындалу барысы жайында айтылды.

Асламбек Мерғалиев сот ісіне жасанды интеллект пен роботизация элементтері бар ІТ сервистердің енгізілуі жөнінде мәлімет берді. Бұл шара соттар қызметіндегі ашықтық пен әділ сот төрелігіне ықпал етеді.

Мемлекет басшысы сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың сапасына және істерді қарау кезінде соттың барлық сатысында заңдылықты сақтау мәселесіне айрықша назар аударды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев сот қызметіне ақпараттық технологияларды енгізу жұмыстарын жалғастыру маңызды екенін атап өтті.

Жоғарғы Соттың
баспасөз қызметі

